

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

№6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасының
өзін-өзі бағалау қорытындысы

Ақтөбе , 2022 ж

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
өзін – өзі бағалау**

Ақтөбе қаласы

«07» ақпан 2022 жыл,

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулығы, және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – Бағалау өлшемшарттары, *ҚР Білім және ғылым министрінің 26.07.2021 № 366 бұйрығымен өзгерістер болған*) негізінде, 2022 жылғы 14 ақпан – 18 ақпан аралығында «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 6 «Орман ертегі» бөбекжай- балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына өзін – өзі бағалау жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Білім беру ұйымының толық атауы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№6 «Орман ертегі» бөбекжай -балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорны

Білім беру ұйымының орналасқан жері :

Индекс 030006, Қазақстан Республикасы. Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы,
Ұзақбай Құлымбетов көшесі 171 а үй.

Заңды тұлғаның байланыс деректері: Телефон, факс: 8 (7132) 96-52-76;
электрондық пошта: orman_ertegi@mail.ru

инстаграмм парақшасы: **bormanertegi**

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері :

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Бурханова Жеңісгүл Жаншина, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 04.02.2021ж. № 39 бұйрығымен меңгеруші қызметіне тағайындалған.

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттар:

Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік № 11932-1904-МК

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 22.10.2005 жыл, БСН 051040003382.

Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жарғы Ақтөбе облысының әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №390 қаулысымен бекітілген.

Рұқсат беру құжаттары:

Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 13 ақпанында №KZ45XXX00007829 хабарлама берілген.

1.Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес №6 «Орман ертегі» бөбекжай - балабақшасыда оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

№6 «Орман ертегі» бөбекжай -балабақшасы аптасына 5 күндік жұмыс жасайды. Балабақша сыйымдылығы 140 орын , 6 топ жұмыс жасайды. Казіргі таңда екі ортаңғы топ, екі ересек топ , екі мектепалды даярлық тобында 135 бала тәрбиеленуде . Балабақшаға 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады . ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары» бекіту туралы бұйрығы негізінде, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі. Балабақшада жалпы қызметкер 34 , оның ішінде 17 педагог қызмет атқарады. Оқу –тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Балабақшада дене шынықтыру мен музыка залы біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, музыка орталығымен, 8 -компьютер, 6- принтер, 4- сканер, 4- ксерокөшірмелер, топтарда стол, отырғыш, кереует, шкафтармен, ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Барлық топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық балаға жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме,асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Балабақшада ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті) көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 700 теңге ҚББ №115 09.04.2021 ж бұйрығымен бекітілген .

12.03.2018 жылы Ақтөбе облысының мемлекеттік архивнің №6 СТК хаттамасы 06.04.2018 ж келісіліп, мекеме меңгерушісінің қолы, мөр қойылып «Іс номенклатурасы» бекітілген. Мекеме құжаттарының барлығы бекітілген іс номенклатурасының тізімі бойынша жүйелі жүргізіліп отыр. №6 «Орман ертегі» бөбекжай балабақшасында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Балабақшада кадрлардың жеке-іс қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке-іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел жинақталған. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналдары талапқа сай толтырылған.

2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Балабақшаның өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарлары, білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (бұдан әрі-МЖМБС) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына» (бұдан әрі-ҰОЖ) негізделіп құрылған және бекітілген.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында талапқа сай құрылған. Әр топтың жұмыстық оқу жоспарларында «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу жүктемелері бөлінген. Балабақшаның әр жылға арналған тәрбие-оқу жоспары қалалық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, балабақша меңгерушісімен бекітілген және мекеме мөрі қойылған. Оқу жүктемелерінің көлемі үлгілік оқу жоспарларына сәйкес келеді, айырмашылықтар жоқ.

Осыған орай оқу жұмыс жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметі 2017-2022 оқу жылында МЖМБС мен ҰОЖ басшылыққа ала отырып құрылғаны және бекітілгені анықталды.

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру

(оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу;

қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік, дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын, сонымен бірге аталған білім, білік, дағдыларды ерте жастағы балаларда қалыптастыру;

тәрбиелеу мен оқытуға психологиялық-педагогикалық жағдай жасау;

мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді бастауыш білім беру ұйымдарында оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді құру;

мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасында оқыту, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін ескеріп, сабақтастық пен үздіксіздік ұстанымдарын қамтамасыз ету; тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріп, оқу қызметіне дайындау; креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру; "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша)

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы өлшемшарттар бойынша талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында № 6 «Орман ертегі» бөбекжай-балабақшаның, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз білім беру жағдайлары жасалған.

Балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдылардың мақсаты арқылы жұмысы жоспарлағаны анықталды.

Білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына» негізделген. Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырылған.

Тәрбие мен оқытудың мазмұны - «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы кіріктіру жолымен іске асырылуда, оқытудың мақсаттар мен міндеттеріне қол жеткізуде педагогтар ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асыруда .

Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, өз бетінше оқу дағдыларын, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен төрт оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша тақырыптық материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін жүзеге асырудағы 9- тақырып әр оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

Балабақшада тәрбиеленушілерге психологиялық – педагогикалық жағдай жасақталған. Балабақша психологі Якена Балнұр балалармен , педагогтармен және ата – аналармен жоспары түрде жұмыстар атқарып келеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып сабақтастық пен үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында мектепке саяхат жасау мектеппен балабақша педагогтарының өз ара сабақтарға, ертенгіліктерге, ашық есік күндері балабақшаның жылдық жоспарында жоспарланған, материалдары жинақталған.

Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында балалардың жас ерекшеліктері ескеріп, педагогтар перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырылған.

Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері, дамыту орталықтарда жас ерекшеліктері сақталған.

Оқу тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында креативтілікті, коммуникативтілікті, сыни ойлауды және командада өзара іс-қимыл жасау іскерлігін дамытуға бағытталған әлеуметтік-жеке қасиеттерді қалыптастыру бағытында 4 К моделіндегі дағдылар, ойын тапсырмалары, циклограммаларда жазылғандығы анықталды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары және материалдары жинақталған.

3) МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

Талдау нәтижелері: Аталған өлшеуіштер сәйкес талдауға ұсынылған материалдарды зерделей отырып, балабақшада баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы ортасында анықталғаны:

Жалпы барлық топтарда балалардың жақ – жақты дамуына жағдай жасау мақсатында бес білім беру саласына бөлініп, жасақталған.

1. «Денсаулық» білім беру саласы бойынша сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін жоспарланған қажетті жағдайлар жасалған. Балабақшада дене шынықтыру залы музыка залымен біріктірілген, стандартқа сай үрмелі доптар, кубиктер, кеглилер, гимнастикалық отырғыштар, обручтер, массажды кілемшелер, қимылды ойындар жиынтығы жинақталған. Одан әрі топтарда да денсаулық бұрышы доптар, кеглилер, хоккей, теннис, шашкалар құм қалташалары, жаттығуға арналған спорттық құралдармен жасақталған.

Қимылды ойындар

Қоян мен Түлкі

Аю мен аралар

Пайдалы және зиянды заттар

Күн мен түн

Мысық пен тышқан

(атребуттары бар)

Алайда қысқы ойын құралдары шана, коньки, шаңғы толықтыруды қажет етеді.

2. «Қатынас» білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшеліктері байланысты, сюжетті рольді ойындармен қамтылған (отбасы, дүкен, дәріхана, тігінші, шаштараз, құрлысшы, банкомат, өрт сөндіруші, полиция, жүргізуші рольдік ойындар); ортаңғы топтарында монтессори технологиясының элементтерін қолдануда, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту

мақсатында фетрден тігілген түрлі ойындар жасақталған. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты дамытушы ойын түрлері : Конструкторлар (темір, пластмасса)

Пазлдар (әр түрлі)

Мозайкалар

Құрастырмалы карточкалар (санға, әріпке, пішінге байланысты)

Не қайда мекендейді?

Қоқыстарды жина

Қомағай жемістер

Бейнені құрастыр

(құстар, аңдар)

Киіз үй, кілем тоқу, шаш өру, ақылды кітап. Экологиялық ойындар

Визеборд

Конструкторлар (пластмасса, жұмсақ пазлдар)

Қуыршақты киіндір.

Бейнені құрастыр

(құстар, аңдар)

Қазақтың ұлттық киімдері. Экологиялық ойындар: суретпен әңгімелеу, ауа ластайтын, қажет ететін нәрселер.(фетрден жасалған көрнекіліктер)

жинақталған.

3. «Шығармашылық» білім беру саласына арналған заттық дамытушы ортада музыка залында балалардың жас ерекшеліктеріне сай заманауи көрнекіліктер, түрлі музыкалық аспаптар (домбыра, соқпалы (барабан, бубен, сылдырмақ), үрмелі аспаптар), көрнекіліктер эстетикалық тұрғыда жабдықталған. Мерекелерге байланысты ертеңгілік , ойын – сауықтарда кейіпкерлерге арналған үлкендерге және балаларға арналған костюмдер жинақталған. Топтарда музыкалық аспаптар драматизациялауға арналған қуыршақтар ,театрланған қойылым атрибуттары, маскалары заманауи театр түрлері (қуыршақ театр, көлеңке театр , саусақ театр)жинақталған. Музыка залына балаларға арналған аспап түрлеріне (барабан , домбыра,)толықтыру жасау қажет етеді.

4. «Таным» білім беру саласы бойынша түрлі ортаңғы топтарында құрастыруға арналған түрлі көлемдегі кубиктермен, ойын құралдары, ересек , мектепалды даярлық топтарында танымдық ойындар соның ішінде фетрден жасалған балалардың жас ерекшелігіне сай ойын түрлері жоғары деңгейде жабдықталған.

5. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша топтарда «Ұлттық бұрыш», «Театр бұрыштары», «Жол қауіпсіздік ережесі» стенді жабдықталған. Барлық топтарда табиғат бұрышында балалардың жас ерекшеліктеріне сай гүлдер, тірі табиғат (балық , тоты құс) жабдықталған .

Топтарда бес білім саласы бойынша ҰОҚ барысында тақырыпқа сай :

Балабақша

Отбасы

Күз сыйы

Жайнай бер Қазақстан
Қызықты қыс мезгілі
Мен және қоршаған орта
Салт – дәстүр және фольклор
Алғашқы тамшылар
Алақай жаз келді

қолданылатын көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар жинақталған. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ойын түрлерімен және жиһазбен жабдықтаудың нормасына сәйкес жабдықталған.

4) МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары бойынша педагогтар тізімі ұсынылды.

2021-2022 оқу жылында 17 педагог жұмыс атқарған, оның ішінде 16- педагог жоғары білімді, 1- педагог арнаулы орта білімді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мамандығы бойынша 13 жоғары, 1 арнаулы орта білімді педагогтар бар. Олардың ішінде 4-педагог «жоғары» санатты, 2-педагог I санат, 4-педагог II санатты, 1-педагог «Педагог-модератор», 1-педагог «Педагог-сарапшы», санаты жоқ 5- педагог .

Оқу жылдары	Педагог тар саны	Білімі		Санаты						
		Жоғары мек.тәрбие	Арнаулы мек.тәрбие	жоғары	I	II	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Санатсыз
2017-2018 оқу жылы	18	9/72%	3/17%	3/17%	6/34%	4/22%	0	0	0	5/28%
2018-2019 оқу жылы	17	11/65%	2/12%	3/18%	6/35%	3/18%	0	0	0	5/29%
2019-2020 оқу жылы	15	10/67%	2/13%	2/13%	4/26%	4/26%	0	0	0	5/33%
2020-2021 оқу жылы	16	10/60%	2/12%	5/29%	2/12%	4/23%	1/6%	1/6%	0	4/23%
2021-2022 оқу жылы	17	12/70%	1/6%	4/23%	2/12%	4/23%	1/6%	1/6%	0	5/29%

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдар басшысы, әдіскері, тәрбиешілерінің жалпы санынан "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту" мамандығы бойынша арнаулы орта және жоғары білімі бар педагогтердің үлесі 100% құрайтыны анықталды. Жалпы 1 жылдық қорытындысы бойынша педагогтердің сапалық

құрамының өсу динамикасы байқалады. Жалпы педагогтердің диплом бойынша мамандықтары атқарып жүрген қызметтеріне сай келеді.

5) жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау

«№ 6 «Орман ертегі» бөбекжай балабақшасы» МКҚК-ның 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдарында *инклюзивті білім беру* жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер қабылданбады.

6) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуге ұсынылған материалдар талдау өткен 4 оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму карталары жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталған. Мониторинг нәтижелері пайыздық көрсеткішпен көрсетілген, баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасы, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар деңгейінде (I, II, III- деңгей) көрсетіліп ұсынылды.

7) "Денсаулық", "Қатынас", "Таным", "Шығармашылық", "Әлеумет" білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыру

Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілген.

Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде стандартқа сай құрастырылған.

Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар көрсетілген.

Зерделеу кезінде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021

оқу жылындағы перспективалық жоспардың циклограммалары сәйкестігін анықтай алдық.

Серуенді, таңертеңгілік гимнастика, ойындарды (дамытушы сюжеттік – ролдік, қимылды және т.б) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы жоспарланған. Балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауға алған.

Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдарын қарастырылған.

Ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша педагогтардың бейне сабақтарымен перспективалық жоспарларын зерделеуде оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда педагогтер ойын арқылы оқыту, білім беру салаларының

кіріктіру арқылы тәрбиелеу, оқыту, дамыту қағидаларын ұстаналатынын көрсетті.

Балабақшаның тәрбиеленушілері жыл сайын халықаралық, облыстық, қалалық, конкурстарға қатысқан материалдары жинақталған.

2017-2018 оқу жылы халықаралық – 51, республикалық деңгейде – 62, облыстық деңгейде – 12, қалалық-2

2018-2019 оқу жылы халықаралық – 24, республикалық деңгейде – 42, қалалық -2

2019-2020 оқу жылы халықаралық- 129 республикалық деңгейде – 6, облыстық-5

2020-2021 оқу жылы халықаралық – 33 республикалық деңгейде – 32 қалалық деңгейде - 2

2021-2022 оқу жылы халықаралық - республикалық деңгейде – 3
Осылайша, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асыралатын «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделгені анықталды.

8) Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингінің (бастапқы мониторинг) болуы.

Зерделеу кезінде **2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022** оқу жылындағы мектеп жасына дейінгі балалардың біліктерімен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және жүргізудің жұмыс түрлері ұсынылды.

Бала саны	Кезеңдері	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	орта деңгейдегі балалардың үлесі	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі
2017-2018 оқу жылы				
140	Бастапқы	3/2 %	86/61%	51/36%
178	Аралық	0	73/41%	105/59%
169	Қортынды	0	21/12%	148/88%
2018-2019 оқу жылы				
136	Бастапқы	19/14%	74/54%	43/32%
169	Аралық	17/10%	90/53%	62/37
188	Қортынды	2/1%	62/33%	124/66%
2019-2020 оқу жылы				
109	Бастапқы	11/10%	58/53%	40/37%
149	Аралық	30/20%	78/52%	41/27%
	Қортынды	карантин	карантин	карантин
2020-2021 оқу жылы				
79	Бастапқы	18/23%	36/45%	25/32%
93	Аралық	10/11%	36/39%	47/50%
89	Қортынды	3/3%	23/26%	63/71%
2021-2022 оқу жылы				
116	Бастапқы	22/19%	68/59%	26/22%
124	Аралық	25/20%	44/35%	55/44%

3.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

1)МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;
Талдауға ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында Өткен төрт оқу жылындағы перспективалық жоспарларында белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі берілген.

2017-2018 оқу жылында білім беру салалары бойынша инвариантта **Екінші кіші «Үміт» , «Балапан»тобында** «Денсаулық» -108, «Коммуникация»- 72, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108, «Әлеуметтік орта»-18 сағат. Жылдық оқу жүктемесі- 396 сағат.

Ортаңғы«Күншуақ», «Таңшолпан» тобында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»- 90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126 сағат,«Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-432сағат.

Ересек «Үміт» тобында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-180, «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»-54. Жылдық оқу жүктемесі- 612сағат.

Мектепалды даярлық «Алғырлар» тобында«Денсаулық»-108, «Коммуникация»-234, «Таным»-126, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»-72. Жылдық оқу жүктемесі- 720 сағат.

2018-2019 оқу жылында білім беру салалары бойынша инвариантта **Екінші кіші «Үміт» , «Балапан»тобында** «Денсаулық» -108, «Коммуникация»-72, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108, «Әлеуметтік орта»-18 сағат. Жылдық оқу жүктемесі- 396 сағат.

Ортаңғы«Күншуақ» тобында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»- 90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126 сағат,«Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі-432сағат.

Ересек «Үміт» , «Таңшолпан» тобында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-180, «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»-54. Жылдық оқу жүктемесі- 612сағат.

Мектепалды даярлық «Алғырлар» тобында«Денсаулық»-108, «Коммуникация»-234, «Таным»-126, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»-72. Жылдық оқу жүктемесі-720 сағат.

2019-2020 оқу жылында инвариантта

Ортаңғы«Балдырған» , «Айгөлек», «Үміт» тобында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»- 72, «Таным»-90, «Шығармашылық»-108 сағат,«Әлеуметтік орта»-18 сағатты құраған. Жылдық оқу жүктемесі- 396 сағат.

Ересек «Күншуақ» , «Таңшолпан» тобында «Денсаулық»-108, «Коммуникация»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеумет»- 18 Жылдық оқу жүктемесі- 432сағат.

Мектепалды даярлық «Алғырлар» тобында«Денсаулық»-108, «Коммуникация»-180, «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»-54. Жылдық оқу жүктемесі- 612 сағат.

2020-2021 оқу жылында инвариантта

Ортаңғы «Айгөлек», «Балдырған» топтарында Денсаулық-108, Қатынас-72, Таным-90, Шығармашылық-108, «Әлеумет»- 18 сағат. Жылдық оқу жүктемесі- 396 сағат.

Ересек«Күншуақ», «Гүлдер» топтарында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша-108, «Қатынас»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеумет»- 18 сағат барлығы-432 сағатты құрайды.

Мектепалды даярлық «Алғырлар» , «Таңшолпан»топтарында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша-108, «Қатынас»- 180, «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»- 54 сағат Жылдық оқу жүктемесі- 612 сағатты құрайды.

2021-2022 оқу жылында инвариантта

Ортаңғы «Айгөлек», «Балдырған» топтарында Денсаулық-108, Қатынас-72, Таным-90, Шығармашылық-108, «Әлеумет»- 18 сағат. Жылдық оқу жүктемесі- 396 сағат.

Ересек«Күншуақ», «Гүлдер» топтарында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша-108, «Қатынас»-90, «Таным»-90, «Шығармашылық»-126, «Әлеумет»- 18 сағат барлығы-432 сағатты құрайды.

Мектепалды даярлық «Алғырлар» , «Таңшолпан»топтарында «Денсаулық» білім беру саласы бойынша-108, «Қатынас»-180, «Таным»-90, «Шығармашылық»-180, «Әлеумет»- 54 сағат Жылдық оқу жүктемесі- 612 сағатты құрайды.

Материалдарды зерделеуде 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021, 2021-2022 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға тәулік бойы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

2)Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесін сақтау.

Талдау нәтижелері: Ұсынылған материалдарды зерттеу кезеңінде, 2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылдары бойынша апталық оқу жүктемесі толық сақталған. Перспективалық жоспардағы өтпелі тақырыптар білім беру ұйымы басшысының бекіткен өтпелі тақырыптарымен сәйкес келеді.

Перспективалық жоспарды оқу жылына арналған өтпелі тақырыптардың негізінде стандартқа сай құрастырылған.

№6 «Орман ертегі» бөбекжай-бақшасында тәрбиелеу және оқыту жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі.

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар

Балабақшада өзін – өзі бағалау кезінде ата – аналармен сауалдама жүргізілген жоқ.

5. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1)МЖМБС мен МДТО үлгілік оқу бағдарламасында анықталған әрбір білім беру саласы және әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі бойынша жас топтары бойынша меңгеруге тиіс игеруге жататын білім, білік, дағдылар мен құзыреттіліктердің көлемін игеру

Балабақшада педагогтардың әрбір білім беру саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметіне талдау жасалды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінде білім беру салалары бойынша жас және жеке ерекшеліктері ескерілген.

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша ересек «Күншуақ» тобында , тәрбиеші Кубаева Қ «Дене шынықтыру» ұйымдастырылған оқу қызметінде барысында дәстүрден тыс құралдарды қолдана отырып , жүру, жүгіру, өрмелеу, доппен секіру және қимылды ойындар жетілдіруге мүмкіндік беретін негізгі қимыл түрлерімен ұйымдастырылған. Оқу қызметі барысында балалар белсенділік көрсете білді.

«Таным» саласы бойынша мектепалды даярлық «Алғырлар» тобында Надиршина Қ «Сиқырлы жапырақтар» тақырыбында кіріктірілген ҰОҚ өткізілді . Педагог балалардың пікірін қалыптастырмас бұрын білім алуға деген ұмтылысын оята білді.Сыни ойлау технологиясын қолдану арқылы өз сқрақтары мен тапсырмаларға ойлануға мүмкіндік берді.

Ортаңғы «Айгөлек» тобында тәрбиеші Тұрарбекова М «Ертегі кейіпкерлеріне көмек» тақырыбында ҰОҚ өткізіді. ҰОҚ барысында қолданылған көрнекіліктері тартымды , балалардың жас ерекшеліктері ескерілген . Педагог тәрбиеленушілердің қабілеттерін, біліктерін, дағдыларын дамытуға бағытталған ойын тапсырмалар беріп, балалардың қызығушылығын арттыра түсті.

Ортаңғы «Балдырған» тобында тәрбиеші Үкібаева А « Қар ханшайымы» тақырыбында ҰОҚ -де ойындармен жеке тапсырмалар орындау арқылы балалардың математикалық түсініктерін қалыптастыра білді.

«Қатынас» саласы бойынша мектепалды даярлық «Алғырлар» тобында Пірімбетова Ә «Бақытты балалық шақ» тақырыбында кіріктірілген ҰОҚ – де балалар командамен түрлі тапсырмаларды қызығушылықпен орындады, педагогтің тапсырмалары әлеуметтік – тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Мектепалды даярлық «Таңшолпан» тобында тәрбиеші Қапашева Р.Ж «Білім патшалығы» тақырыбында ҰОҚ ұйымдастырды . Ұйымдастырылған оқу қызметінде проектор арқылы кең көлемде материалдар көрсету арқылы балалардың тапсырмаларды орындауда белсенділіктері артты.

Ересек «Күншуақ» тобында орыс тілі маманы Жұбанова А

«Белоснежка и семь гном» тақырыбында ҰОҚ -де сиқырлы айна арқылы тосын сыйымен және тартымды көрнекі құралдарымен балаларды өзіне тарта білді .

«Шығармашылық» саласы бойынша ересек «Гүлдер» тобында ән жетекшісі Аймағамбетова Г.М «Музыкалық лото» тақырыбында ҰОҚ өткізді. Педагог ҰОҚ – де өзі Сайқымазақ кейіпкерінде келіп балалардың көңілін көтерді және тақырыпқа сай көрнекіліктерді жеткілікті деңгейде қолдана білді.

«Әлеумет» саласы бойынша ортаңғы «Айгөлек» тобында тәрбиеші Каримбаева А «Кірпіге көмек» тақырыбында ҰОҚ – де эстетикалық тұрғыда жинақталған көрнекі құралдарды ауқымды қолдана білді. Педагог оқу қызметі барысында баланы ересектермен және құрдастарымен мейірімді қарым – қатынасқа ынталандыра білді.

Ересек «Гүлдер» тобында тәрбиеші Елеуова С «Қорқақ қоян» тақырыпта ҰОҚ-де педагогтің балалармен қарым – қатынасы белсенді болды. Балалардың қарапайым заттарды меңгеруге жаттықтыра отырып, оларды күнделікті өмірде қолдануға жағдай жасай білді.

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау

Талдау нәтижелері: Тәрбиеленушілердің жас кезеңдеріне сәйкес жетістіктерінің мониторингісінің жүргізілу барысында анықталғаны: ортаңғы «Айгөлек», «Балдырған» тобында дағдыларды игерген бала саны – 41, оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар бала саны - 21, пайыздық көрсеткіші 51%, ересек «Күншуақ», «Гүлдер» тобында дағдыларды игерген бала саны – 46, оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар бала саны -46, пайыздық көрсеткіші 100 %, мектепалды даярлық «Алғырлар», «Таңшолпан» тобында дағдыларды игерген бала саны – 37, оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар бала саны -32, пайыздық көрсеткіші 86%.

Балабақша бойынша дағдыларды игерген бала саны -124, оның ішінде қабілеті мен дағдыларының жоғары және орта деңгейі бар бала саны -99, пайыздық көрсеткіші 80 %көрсетті.

6. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

1) Жас кезеңін сақтау және топтарды бір жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау.

2017-2018, 2018-2019, 2019-2020, 2020-2021 оқу жылындағы аталған өлшемшарттар бойынша зерделеуде бөбекжай-балабақшасы бойынша бекітілген балалар тізімі жинақталған.

2021-2022 оқу жылында жалпы жас кезеңіне қарай ортаңғы топтарда 3- жас 50 бала, ересек топтарда 4- жаста 52 бала, мектепалды даярлық топтарында 5- жаста 38 бала мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу мерзіміне қойылатын талаптарға сай орналастырылған.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілерді жас кезеңдеріне сай (балалардың жасы – 1 қыркүйектегі толық жасы) зерделу кезінде талапқа сай ұсынынылды.

Ескертулер :

Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын денсаулық білім саласы бойынша жабдықтаудың нормасына сәйкес толықтыруды қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ:

№6 «Орман ертегі» бөбекжай – балабақшасы 07.02.2022 жылғы №27 «Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» туралы бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «канағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін;

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:



Бурханова Ж.Ж.

Малаева . Г.А

Аймағамбетова Г.М

Надиршина Қ.А

Жубанова А.Е

Handwritten signatures in blue ink corresponding to the names listed next to them.

